

ҚР ҒЖЖБМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
№ 2 Ғылыми кеңесі отырысы

ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Алматы қ.

05 мамыр 2023 ж.

Қатысқандар: Ғылыми кеңес төрағасы, т.ғ.к. А. Оңғар, хатшысы т.ғ.к. А.Д. Касенова, кеңес мүшелері: т.ғ.к. Т.Б. Мамиров, т.ғ.к. Ж. Құрманқұлов, PhD докторы А. Айтқали, т.ғ.к. Д.А. Байтілеу, Ж.Р. Утубаев, PhD докторы Е. Ақымбек т.ғ.к. Г.С. Жұмабекова, т.ғ.к. Ғ.А. Базарбаева, т.ғ.к. Ә.М. Манапова, т.ғ.к. О.А. Артюхова, т.ғ.к. Д.Ә. Тәлеев, т.ғ.к. А.В. Логвин, т.ғ.к. И.В. Шевнина, PhD докторы Ә.А. Тәжекеев, PhD докторы Р.С. Жұматаев, PhD докторы А.Е. Ержанова, PhD докторы Б.А. Железняков, АҒҚ А.С. Ермолаева, АҒҚ Т.Н. Лошакова, АҒҚ А.А. Горячев, АҒҚ А. Чотбаев А. және басқа да Институт қызметкерлері

КҮН ТӘРТІБІ:

ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 60100 «Тарих және археология» (60101 «Археология») мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы үміткерлігіне Институттың бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Зайнолла Самашевты ұсыну.

ТЫҢДАЛДЫ: Ғылыми кеңес төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты А.Оңғар Институттың бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., Зайнолла Самашевты ҚР ҒЖЖБ министрлігі ҒБССҚК 60100 «Тарих және археология» (60101 «Археология») мамандығы профессор ғылыми атағына үміткер ретінде ұсыну туралы ақпаратпен бөлісті.

Самашев Зайнолла 1947 ж. Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бестерек ауылында дүниеге келген. Өскемен педагогикалық институтын бітірген. Жалпы ғылыми және педагогикалық өтілі 2023 жылдың 1 наурызына дейін санағанда – 52 жыл 6 ай 29 күнді құрайды, соның ішінде бас ғылыми қызметкер лауазымында 21 жыл 7 ай 13 күн.

З. Самашев 400-ден асатын ғылыми еңбектердің авторы, соның ішінде докторлық диссертация қорғалғаннан кейін жарық көрген еңбектері: барлығы 69, уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 13, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының ақпараттық базасына 5, Scopus (Скопус) не JSTOR (ДЖЕЙСТОП) базалардағы ғылыми журналдарда 16, шығармашылық еңбектері 42 (соның ішінде теңавторлық монографиялары 32, жеке авторлық монографиялары 10).

З.Самашевтің жетекшілігімен алты диссертация қорғалған. Олар:

1) Рогожинский Алексей Евгеньевич, кандидаттық диссертация тақырыбы: «Археологический комплекс эпохи бронзы урочища Тамгалы». Тарих ғылымдары – 07.00.06. – археология, Алматы, 1994 ж.;

2) Бейсенов Арман Зияденович, кандидаттық диссертация тақырыбы: «Погребальные памятники и культово-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана (7-1)». Тарих ғылымдары – 07.00.06. – археология, Алматы, 1997 ж.;

3) Швец Ирина Николаевна, кандидаттық диссертация тақырыбы: «Образ человека в наскальном искусстве Центральной Азии». Тарих ғылымдары – 07.00.06. – археология, Алматы, 1999 ж.;

4) Базарбаева Галия Аппазовна, кандидаттық диссертация тақырыбы: «Анималистические образы искусства древних кочевников Казахского Алтая (по материалам берельских курганов)». Тарих ғылымдары – 07.00.06. – археология, Алматы, 2008 ж.;

5) Оңғар Ақан, кандидаттық диссертация тақырыбы: «Ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайы мен Жетісу тұрғындарының жерлеу ғұрпы». Тарих ғылымдары – 07.00.06. – археология, Алматы, 2010 ж.;

6) Ержанова Альбина Ергешбаевна, докторлық (PhD) диссертация тақырыбы: Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары (Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша). «6D020800 – Археология және этнология», Алматы, 2022 ж.

Германия археологиялық Институтының мүше-корреспонденті; Жалпыұлттық Тәуелсіз «Платиналық Тарлан» сыйлығының иегері (2001 ж.); Ұлан ауданының құрметті азаматы (2008 ж.); Қатонқарағай ауданының құрметті азаматы (2008 ж.); Шығыс Қазақстан облысының құрметті азаматы (2018); «Парасат» орденінің иегері (2017 ж.); С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры атақтарының иегері.

ТАЛҚЫЛАУ: Институт қызметкерлері *т.ғ.к. Құрманқұлов Ж., т.ғ.к. Жұмабекова Г.С., т.ғ.к., Институт директорының ғылым жөніндегі орынбасары Мамиров Т.Б. және Ермолаева А.С.* 60100 «Тарих және археология» (60101 «Археология») мамандығы бойынша профессор ғылыми атағына үміткер Зайнолла Самашевтің археология ғылымы саласындағы көп жылдық жұмыс тәжірибесіне, археология ғылымына қосқан үлесіне, ғылыми ашылымдарына тоқтала отырып, ғалымның осы атаққа толықтай лайықты екенін атап өтті. Сонымен қатар Зайнолла Самашевтың институттың ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді түрде қатысуына, институттың қалыптасуы мен дамуы үшін сіңірген еңбегіне жоғарғы баға берілді.

60100 «Тарих және археология» (60101 «Археология») мамандығы бойынша профессор ғылыми атағына үміткер Институттың бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., Зайнолла Самашевтың кандидатурасы талапқа сәйкес дауысқа салынды.

Дауыс бергендер: барлығы – 24;

Қолдаушылар – 24; қарсы – жоқ; қалыс қалғандар - жоқ

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ:

ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 60100 «Тарих және археология» (60101 «Археология») мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын алу үшін Институттың бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д., Зайнолла Самашевтың кандидатурасы ұсынылсын.

Ғылыми кеңестің төрағасы

А. Оңғар

Ғылыми кеңес хатшысы

Ә.Д. Қасенова